

Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері туралы қорытынды
«Шеңбертал жалпы орта білім беретін» КММ
(білім беру ұйымының атауы)

«Шеңбертал жалпы орта білім беретін» КММ

«қорытындыны жасау орны»

«26» ақпан 2022 жыл, сағат 16,00

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі – Заң) басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығымен (бұдан әрі – Бағалау өлшемшарттары), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен (бұдан әрі – Департамент) 2022_ жылғы «10» қарашада бекітілген жартыжылдыққа арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде 01 ақпан мен 28 ақпан 2022 жыл аралығында «Шеңбертал жалпы орта білім беретін» КММ

мемлекеттік аттестаттау жүргізілді.

Мектептің өзін-өзі аттестатау жөніндегі 2022 жылғы «» қарашадағы бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда

(бұдан әрі – комиссия) өткізілді:

1. Сәрсенбаев Талғат Жақсыхалықұлы, Шеңбертал жалпы білім беретін орта мектебі директоры, комиссия төрағасы;

(Т.А.Ә. болған жағдайда, лауазымы, жұмыс орны)

2. Мусин Асхат Бәкенұлы - комиссия мүшесі, оқу ісі орынбасары

(Т.А.Ә. болған жағдайда, лауазымы, жұмыс орны)

3. Сегізбаев Гүлсамал Жарболқызы комиссия мүшесі, бастауыш сынып әдіс бірлестігінің жетекшісі

(Т.А.Ә. болған жағдайда, лауазымы, жұмыс орны)

4. Мәдиқызы Айнұр комиссия мүшесі, Жаратылыстану-математика әдіс бірлестік жетекшісі

(Т.А.Ә. болған жағдайда, лауазымы, жұмыс орны)

5. Рахметова Малика Көпжүрсінқызы - комиссия мүшесі, мектеп мұғалімі

(Т.А.Ә. болған жағдайда, лауазымы, жұмыс орны)

6. Төребекова Айнұр Әзизбекқызы - комиссия мүшесі, химия пәні мұғалімі

7. Жасақова Күлаш Әбдібайқызы - комиссия мүшесі, ата-аналар комитетінің төрағасы

Комиссиямен Бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді. «Шеңбертал жалпы орта білім беретін» КММ өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру (білім беру ұйымының атауы) саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған

мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді.

2-параграф. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

1. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар:

1) білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі (бағаланатын кезеңге жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі);

Шеңбертал жалпы білім беретін орта мектебі бойынша 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарының жұмыс жоспары жасалған.

2021-2022 оқу жылының жұмыс жоспарында «МЕКТЕПТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ:», «Білім мазмұнын жаңарту жағдайында оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыра отырып білім сапасын көтеру» мазмұнында жасалған. Жоспарда «МЕКТЕПТІҢ МАҚСАТЫ:» Әрбір оқушының өзінің қажеттілігі мен мүмкіндігіне сай білім алу құқығын іске асыруды қамтамасыз ету, бейіндік бағыт алу, кәсіптік таңдауын жүзеге асыру үшін жасау.**МЕКТЕПТІҢ МІНДЕТТЕРІ:**

— әр оқушының өзіндік жұмысының жетістігін қамтамасыз ететін технологияларды пайдалану арқылы оқу сапасын арттыру;

Жоспар мазмұны 5 бөлімге бөліп жасалған. Олар : I бөлім. Мектептің паспорты оған 1.1. Жалпы мәлімет , 1.2. Мектепті басқару 1.3. Мектеп циклограммасы кіркізілген. II бөлім. 2020-2021 оқу жылы бойынша талдамасы, 2.1. 2020-2021 оқу жылының талдамасы негізіндегі жалпы қорытындысы мен ұсыныстар көрсетілген. III бөлім. Жалпы мектепшілік оқу-тәрбие бойынша жұмыс жоспары, оған: 3.1.«ҚР Тілдері туралы» Заңың орындау жоспары 3.2. ҚР «Білім туралы» Заңын орындау жоспары 3.3. ҚР Рәміздері жоспары енгізілген. IV бөлім. Мектепшілік бақылау мен басшылық. 4.1. Педагогикалық кеңес 4.2. Директор жанындағы кеңес жоспары 4.3. Өндірістік кеңес жоспары, 4.4. Мектепшілік бақылау жоспары, 4.5. Әдістемелік жанындағы кеңес, 4.6. Педагогикалық Әдеп Кеңес жоспары, 4.7. Бастауыш кәсподақ ұйымының жоспары, 4.8. Қамқоршылық Кеңес жоспары, 4.9. Ата-аналар комитетінің жоспары, 5.0. Педагогикалық-психологиялық консилиум жоспары енгізілген. V бөлім. Жоспарлар: Оларға 5.1. Оқу процесі бойынша жұмыс жоспары, 5.2. Бейін істері жұмыс жоспары, 5.3. Тәрбие жұмыстары бойынша жылдық жұмыс жоспарлары кіргізілген.

Сонымен қатар мектеп жоспарында Педагогикалық кеңес оқу-тәрбие жұмысының негізгі мәселелерін қарау үшін құрылған жұмыс орталығы онда қаралатын мәселелер – мектептің жылдық оқу-тәрбие жоспарында атап көрсетіледі және онда қаралып бекітіледі.

Педагогикалық кеңесте оқу-тәрбие жұмыстарының өзекті мәселелері талқыланып, нақты шешімдер қабылданады. Директор жанындағы тұрақты жұмыс істейтін Кеңес оқу-тәрбие процесін басқару және басқару бойынша ұжымдық формалардың бірі болып табылады. Жұмыстың басқа түрлері мен әдістерімен өзара байланыста ол мектеп қызметін басқарудың жүйелі тәсілін жүзеге асыруға бағытталған. Өндірістік кеңес – бұл жұмыс берушілер мен жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету іс-әрекеттерін жүзеге асыру үшін еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларды қосқанда, жұмыс берушінің өкілдері және жұмыскерлердің өкілдері тепе-теңдік негізде

құратын алқалық орган. Әдістемелік кеңес мектептегі барлық қоғамдық –педагогикалық және ғылыми ізденуші құрылымдардың жұмысын реттейді және үйлестіреді. Әдістемелік кеңестің жұмыс жоспары әдіс бірлестіктері ,лабораториялар,секциялардың жоспарларын есепке ала жасалынады.Әдістемелік бірлестік білім мекемесіндегі (БМ) әдістемелік қызметтің негізгі құрылымдық бөлігі болып табылады. Әдістемелік бірлестік бір немесе бірнеше бағыттас пәндер бойынша оқу-тәрбие, әдістемелік, эксперименттік және сыныптан тыс жұмыстарды жүргізеді. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында құрылатын және педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады.Білім беру ұйымдарының педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесіне педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалар жүгіне алады.Кеңес өз қызметін "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік қағидаттарын басшылыққа алады. Қамқоршылық кеңес -заңды және жеке тұлғалардан білім беру мекеме шотына түскен қайырымдылық жарналарына қоғамдық бақылау жүргізетін алқалы орган. Ата –аналар жиналысы –бұл ата-аналар мен мектептің өзара әрекеттестігінің бір формасы. Психологиялық -педагогикалық консилиум мақсаты тәрбиелеу мен оқыту процесінде баланы жеке сүйемелдеудің бірыңғай бағдарламасын әзірлеу және жоспарлау, консилиум қатысушылары арасында міндеттерді және оны орындау үшін жауапкершілікті барабар бөлу болып табылатын ұйымдастыру нысаны.. Бастауыш кәсіподақ ұйымы – кәсіподақтың тікелей ұйымдағы және осы ұйым қызметкерлері болып табылатын кәсіподақ мүшелерінен тұратын құрылымдық бөлімшесі.Бастауыш ұйым өз жұмысын Конституция, Қазақстан Республикасы заңдарына, жалпыға бірдей қабылданған халықаралық заңдарға, Кәсіподақ Жарғысына және осы Ережеге сай жүргізеді.Бастауыш ұйым өз жұмысын атқаруда мемлекеттік, өкімет органдарынан, жұмыс берушілерден, саяси және басқа ұйымдардан тәуелсіз, оларға есеп бермейді және олардың бақылауынан тыс. Олармен қарым-қатынасын тең құқылы қатынас және әлеуметтік серіктестік принципінде жүргізеді.Бастауыш кәсіподақ ұйымыұйымдастыру- құқықтық нысанға және меншік нысанына қарамастан бір мекемеде, ұйымда, кәсіпорында, кем дегенде үш кәсіподаққа кіруге өтініш жасаған азаматтар болғанда құрылтай жиналысында құрылады. Ашық есік күні- бұл оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар, мектеп әкімшілігі арасындағы бірлікті түсінуін жариялайтын күн. Олар тек бірігіп істеумен шектелмей, ұжымның үздіксіз тұтастығын көрсетті. Біздің мектеп ата-аналарды педагогикалық ұстанымдарымен, мақсаттары, міндеттері, өз қызметінің бағдарламасымен, тәрбие жұмысының жоспары мен бағыттарымен таныстырып, олармен бірігіп, мектеп бағдарламасының іске асыру жолдарын іздеуге тырысады. Ашық есік күні – бұл білім беру үдерісіне қатысушылардың жағымды диалогі басты мақсаттарға алынып жасалған. Жоспар көшірмесі қоса жалғанады.

Шеңбертал ЖББОМ КММ оқу-тәрбие үрдісінде 2020-2021 оқу жылына қойылған мақсат-міндеттері:

Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сай білім беру мен тәрбие мазмұнының сапасын арттыру; Білім беру және ғылымды дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыруда, оқушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруда, кезең – кезеңмен 12 жылдық білім беруге көшуде, жаңартылған білім беру мазмұнын енгізуде, функциональдық сауаттылықты дамытуда оқушылармен құзыреттілік деңгейінде жұмыс жасау.

Жоспарда: Мектеп оқу үдерісіне білім берудің инновациялық әдістері мен тәсілдерін кеңінен қолдануды басты назарда ұстау. Педагогикалық кадрларды үздіксіз түрлі форматтағы біліктілік арттыру курстарынан өткізу, өз білімдерін жетілдірулеріне қол жеткізу арқылы сапалы білім берумен қамтамасыз ету. Оқу процесін басқарудың бір ресурсы ретінде мұғалімдердің педагогикалық қызметін көтермелеуді ұйымдастыру. «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асыруға бағытталған нақты қадамдарды (76-қадам (адам капиталының сапасын көтеру, 12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ кезең-кезеңімен ЕНГІЗУ, функционалдық сауаттылықты дамыту), 79-қадам (Білім беру жүйесінде – жоғары сыныптар мен ЖОО-ларда ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңмен көшу.)) жүзеге асыру үшін кластарда үш тілді білім сапасының тұрақты және жоғары деңгейде болуын басты назарда ұстау. Тәрбие жұмыстарының әлеуетін күшейту мақсатында «Мәңгілік Ел» идеясының құндылықтарын енгізу және жүзеге асыруға үлес қосу. Тәрбие сағаттарының сапасын арттыру және барлық оқу пәндерінің тәрбиелік мәнін күшейту. Мектептің оқу -тәрбие үдерісінде ата-ана — мектеп — оқушы байланысын одан ары нығайту. Соңғы нәтижеге бағытталған білім сапасын бақылауды жетілдіру. Оқу-тәрбие процесін диагностикалау арқылы мектепшілік бақылауды жүйелі жүзеге асыру. Оқушыларды жаңа үлгіде бағалау жүйесін игеру. Мектеп жұмысын мониторингтік негізде бағалауды одан әрі жалғастыру. Критерии мен дискрипторларға сай өзін-өзі бағалауды жетілдіру. Денсаулық сақтау технологиялары арқылы оқушылардың бойында өз денсаулығын сақтау мәдениетін қалыптастыру. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту жұмыстарын жалғастыру; Мұғалімдердің жұмысын рейтингілік жүйеде бағалауды жалғастыру, қосымша бөлімдер енгізу; Мектеп бітірушілердің қорытынды емтихан, дайындауда жүйелі жұмыс жүргізу; белгіленген

Сонымен қатар жоспар мынандай бөлімдерге бөлінген: Оқу жылының басындағы Шеңбертал орта мектептің ақпараттықанықтамасы. 2020-2021 оқу жылындағы Шеңбертал орта мектептің қызметіне талдау . Жаңа оқу жылының мақсат – міндеттері,. Білім беру туралы мемлекеттік нормативті құжаттарды орындауға бағытталған мектептің қызметін ұйымдастыру.

III - бөлім. Педагогикалық кадрлармен жұмыс, олардың біліктілігін көтеру, аттестаттау.

IV- бөлім. Білім берудің мемлекеттік стандартын орындауға бағытталған ОТҮ

ұйымдастыру, білім алу үдерісін жақсарту. V- бөлім. ОТҮ психологиялық қолдауды

ұйымдастыру. VI - бөлім. Мектеп оқушыларымен және олардың ата-аналарымен

тәрбие жұмысын ұйымдастыру. VII-бөлім. Материалдық – техникалық базаны

ресурстық қамтамасыз ету. VIII-бөлім. Мектепті басқару және мектепшілік

бақылауды ұйымдастыру белгіленіп жасалған.

2019-2020 оқу жылына мектептің жұмыс жоспарының мақсат-міндеттері төмендегітей қойылып жасалған. Білім мазмұнының жаңаруына байланысты, мұғалімдердің кәсіби құзіреттілігін дамыта отырып, шығармашылыққа жол ашу, озат тәжірибені тарату»

Әдістемелік жұмыстың міндеттері: Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2019-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жағдайында әдістемелік жұмыстың қызметін жандандыру; Бірлестік жетекшілерімен, аудандық білім үйлестіру әдіскерлерімен тығыз байланыста жұмыс жасау; Мұғалімдердің кәсіби құзіреттілігін дамыту мақсатында мектепшілік семинарлар, сайыстар, дөңгелек үстелдер, т.б. өткізу; Аудандық, облыстық сайыс, байқауларға қатысу, жариялылығын арттыру, Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру, деңгейлік курстарға мұғалімдер қатыстыру, тәлімгерлікті жолға қою. Озат тәжірибені зерттеу, жинақтау, тарату;. Мұғалімдерді зерттеушілік, шығармашылық жұмыстарға бауду, ынталандыру. Білім беру сапасын арттыру мақсатында пән сабақтарында интерактивті оқыту технологияларын кеңінен пайдалану; ҰБТ және білім сапасының орта балын көтеру бағытындағы жүйелеу, үздіксіздендіру, нәтижеге бағыттау. Мұғалімдердің шығармашылық тобының жұмысын жандандырып, озат тәжірибелерді ақпараттандыру, насихаттау енгізілген.

Тәрбие, білім берудің жаңа бағдарламаларын, оқу жоспарларын, мемлекеттік білім беру стандартын, мемлекеттік білім беру стандартын, нормативтік құжаттар, әдістемелік нұсқауларды талдау, игеру, жұмыстарын ұйымдастыру. Мұғалімдерге педагогикалық білімін өз бетінше көтеру жолдарын үйрету, өзара кәсіби бәсекелестік орнату. Оқыту мен тәрбиені ұйымдастырудың жаңа формаларын, әдістерін педагогикалық технологиялармен байыту. Мұғалімдердің оқушылар білімдерін бағалауда объективтік принципін ұстауға бағыттау. Үздік сабақтар мен жетістіктерді облыстық, республикалық басылым бетіне жариялауды жолға қою

Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру шаралары. Әдістемелік кеңестің құрамын бекіту (бірлестік жетекшілері). Пәндік әдістемелік бірлестіктердің жылдық жұмыс жоспарларын бекіту; Мұғалімдердің өз білімін жетілдіру жоспарларын бекіту. Жас ұстаздармен жұмыс. Білім жетілдіру бағытындағы курсқа жіберу графигін жасау. Аттестацияланатын мұғалімдер тізімін нақтылау, жыл бойына атқарылатын іс – шаралар жоспарын жасақтау шаралары белгіленген.

2018-2019 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары оқу жоспары білім беру саласындағы мемлекеттік саясаты іске асырудың ұйымдастырушылық негізгі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №327 қаулысымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпыға міндетті стандарты және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде алынған.

Оқу – тәрбие үрдісін ұйымдастыруда мына нұсқаулықтар мен ережелер басшылыққа алынған Онда 2017-2018 оқу жылында «ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу үрдісін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты; ҚР Үкіметінің 17.05.2013 жылғы № 499 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдары қызметін ұйымдастырудың үлгілік ережелері мен ҚР БЖҒМ 17.09.2013 жылғы № 375 бұйрығымен бекіткен білім беру ұйымдары қызметін ұйымдастырудың үлгілік ережелері. ҚР БЖҒМ 17.09.2013 жылғы №375 бұйрығымен бекіткен білім беру ұйымдары қызметін ұйымдастырудың үлгілік ережелері (кешкі мектеп). ҚР Ұлттық экономика министрінің 29.01.2014 жылғы №179 (әлі қол қойылмаған) «Білім беру нысандарындағы санитарлық-эпидемиологиялық талаптар туралы» ережелер. Сонымен қатар оқу процесін ұйымдастыруда 2017-2018 оқу жылында Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесі ұсынған « 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы » әдістемелік нұсқау хаты (2017 жылғы 21 сәуірдегі № 5 хаттама) негізге алына отырып жасалды. Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мен мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс- қимыл жоспарына сәйкес оқу жылында оқушылардың оқу жетістігін сырттай бағалау аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығы бағаланады. Жоспарда Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы; «Жалпыға Ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында берілген тапсырмаларды іске асыру мақсатында ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы бойынша «Абайтану» (9-11 сыныптар) таңдау курстары оқытылуы атап көрсетілген

Жектеп жоспары Оқу үрдісі бойынша мектепшілік бақылау, мектепшілік бақылау. Пән бірлестіктерінің онкүндіктері, әдістемелік кеңестің 2018/2019 оқу жылында атқарған жұмыстарына SWOT талдау бөлімдерге бөлініп жасалған.

Сонымен қатар мектепті ұзақ мерзімді дамуын, бағыт-бағдарын негізгі бағыттарын айқындау мақсатында «Мектептің даму жоспары» жасақталған. Мектептің даму жоспары 2019-2021 оқу жылдарына аранлған жоспарланған. Мектептің дамытудың стратегиялық жоспарында Мектептің даму жоспарын жасау кезінде оқушылардың және ата-аналардың пікірін ескеру. Мектептің дамуына қолайлы жағдай жасау үшін қоғамдық ұйымдармен байланысты күшейту. Озық тәжірибелерді енгізу мақсатында жүйелі жұмыстану. Мұғалімдерді өз жұмыстарына талдау жүргізуге бағыттау. Мұғалімдердің бірлесіп, ортақ проблеманы анықтап, білім сапасын арттыруда біріккен жұмыстарын жетілдіру. Мұғалімдерді бөлінген көшбасшылық принциптеріне сай жұмыстарға тартып, қабілеттерін дамытуға мүмкіндіктер туғызу. Жоспардың төлқұжаты бар. Онда кезеңдері, мақсат-міндеттері, күтілетін нәтиже белгіленген. Жоспарды іске асыру кезеңдері: 1-кезең – (2019-2020 оқу жылы) дайындық-ұйымдастыру жұмысы, мұғалімдерді дайындау және жоспарды ақпараттандыруды қамтамасыз ету; 2-кезең (2020-2021 оқу жылы I жартысы); 3-кезең практикалық қызмет көрсету. Мектептің ішкі құрылымын, білім мазмұнын жаңарту, жоспарды әдістемелік жағынан қамтамасыз ету; 3-кезең (2020-2021 II жартысы оқу жылы) алдыңғы кезеңдердегі жүзеге асқан тәжірибе нәтижесін тарату және жариялау; болып белгіленген Жоспардың мақсаты: Сындарлы оқыту теориясы негізінде оқу-тәрбие үдерісіне өзгерістер енгізу арқылы білім сапасын арттыруға жағдай жасау. Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға қолдау көрсету. «Мектеп мәдениетін» қалыптастыру арқылы «Мінсіз мектеп» болудың алғы шарттарын іске асыру. Жоспардың міндеттері: Сараптаулар мен салыстырмалы талдаулардың мониторингісін жалғастыру. Оқу-әдістемелік, психологиялық жетелеуді жолға қою. Сыныптағы және іс-әрекеттегі зерттеу жұмыстарын жүргізу. Мұғалімдердің сыныпты басқару құзыреттілігін жетілдіру арқылы барлық пәндердің берілу сапасын арттыру мен мемлекеттік стандарттың орындалуын қамтамасыз ету. Педагогтардың үздіксіз кәсіби дамуына жағдай жасау. Желілік қоғамдастық және ресурстық орталық арқылы озық іс-тәжірибе алмасу. Күтілетін нәтиже: Оқушылардың белсенділігі мен ынтасы артады, өз бетімен білім алудың жолдарын меңгереді, сапалы білімге қол жеткізіледі, функционалдық сауаттылықтары артады. Мектепте мұғалімдердің кәсіби дамуына жағдай жасалынады, үздіксіз білім жетілдірудің жүйесі қалыптасады. Ұжымның шығармашылық ахуалы артады. «Мектеп мәдениетін» қалыптастыру арқылы «Мінсіз мектеп» болудың алғы шарттары іске асады.

2017-2018 оқу жылында

Мақсаты: - Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау:

- Жеке тұлғаны қалыптастыру үшін мектептің педагогика-психологиялық кеңістігінде баланың шығармашылық және интеллектуалдық потенциалының дамуына ықпал жасау;
- Жеке тұлғаға бағытталған мектептің оқу-тәрбие үрдісінде жаңа технологиялар мен әдістерді бейімдеу және енгізу;

Міндеттері:

- Жеке тұлғаның қабілетін, мүмкіндігін және қызығушылығын ескере отырып толық, сапалы білім алуға жағдай жасау;
- Оқушының бойында адамгершілік, Отансүйгіштік, ұлтжандылық, өзін-өзі қадірлей алатын, өзіне талап қоя алатын қасиеттерге және салауатты өмір сүруге тәрбиелеу;
- Шығармашылық еңбек ететін мұғалімдермен тәжірибе алмасу үшін шығармашылық топтар, пән лабораториясын ұйымдастыру;
- Оқу-тәрбие үрдісіндегі диагностика мен мониторинг жүйесін жетілдіру;
- Оқушылардың жалпы мәдениеттілік бағытын күшейту;
- Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша шаралар жүйесін анықтау.

Осы алға қойған мақсат, міндеттерді басшалыққа ала отырып, жұмыстандық.

Нәтижесінде: 1,2,5,7 сыныптардың жаңартылған мазмұнда білім алуына байланысты жылдың басында «Білім беру мазмұнын жаңарту аясында оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау» тақырыбында оқыту семинары өткізілді. Өткізген: мектеп үйлестірушісі Есетова Л.Д. Мектеп тренері тарих пәнінің мұғалімі Жайшылықова Сая Мақсатқызы «Сын тұрғысынан ойлаудың мәні, жаңа әдіс тәсілдер» тақырыбында семинар-коучинг өткізді.

Оқу жылында дарынды балалармен жоспарға сәйкес балалардың шығармашылық, өнерге, эстетикалық бейіміне байланысты жұмыстар жүргізілді. Атап айтатын болсақ, 1 оқушы шығармашылық көркемсурет байқауынан ІІ дәрежелі диплом, Халықаралық жас таланттар байқауынан 6 оқушы І, ІІ, ІІІ дәрежелі дипломдармен марапатталды. Халықаралық сурет және қолөнер байқауынан 2 оқушы І, ІІ орындарды иеленді. Республикалық «Эстрадалық ән салу» номинациясы бойынша ІІ дәрежелі лауреат атағын 1 оқушы иеленді. Көркемсөз оқудан «О.Бөкей-тіл шебері» атты байқауда 1 оқушы аудандық деңгейде І орынды иеленді. «Ізтай оқулары» көркемсөз оқулары байқауында 2 оқушы қатысып, сертификаттармен марапатталды. 2 оқушы «Зерде» шығармашылық жобалар мен зерттеу жұмыстары конкурсына аудандық кезеңге 2 оқушы қатысып, 1 оқушы орыс тілі, 1 оқушы ағылшын пәндерінен сертификаттармен марапатталды.

2) Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі. Бағалаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі;

Шеңбертал жалпы білім беретін орта мектебі бойынша оқу жоспары жасақталған.

Жоспар жасауды төмендегі бұйрықтар мен заңнамалар негізге алынып жасалған:

Шеңбертал жалпы білім беретін орта мектебінің оқу жоспары 2021-2022 оқу жылында 28 тамыздағы №1 педагогикалық кеңестің шешімі бойынша бекітілді. Оқу процесі санитарлық талаптарын қатаң сақтай отырып, дәстүрлі форматта оқытылады. Шеңбертал жалпы білім беретін орта мектебінде 2021-2022 оқу жылында барлығы 130 оқушы бар. Мектепте оқыту қазақ тілінде жүргізіледі. Мектепте 11 класс/11 комплект бар. Бастауыш сатыда класс комплекттердің саны-4/4 комплект. Оқушы саны -48. Негізгі сатыдағы класс комплекттер саны-5кл/5 комплект. Оқушы саны-62. Жоғары сатыдағы класс комплекттер саны-2 кл /2 комплект. Оқушы саны -20. Мектепалды даярлық тобында -14 оқушы. Сонымен қатар 2021-2022 оқу жылында барлық сыныптар жаратылыстану-математика бағытына көшті. Мектепте сабақ екі ауысымда жүргізіледі. Бірінші ауысымда 1,3,4,9,10,11 сыныптар оқытылады. Екінші ауысымда МАД тобы, 2,5,6,7,8 сыныптар оқытылады.

Мектептің оқу жұмыс жоспары 2021-2022 оқу жылында білім беру процесінің нормативтік-құқықтық базасына негізделі отырып әзірленді. Сабақ ұзақтығы - 45 минут. Бірінші сыныптардың оқу сабақтарының режимі қыркүйекте -35 минуттан үш сабақ, қазан айынан бастап санитарлық қағидаларға сәйкес көз шынықтыру жаттығулары мен гимнастикаларын жасай отырып 45 минуттан өткізіледі.

Білім беру процесі келесі нормативтік –құқықтық базасына негізделеді.

Мектепалды даярлық сыныптары/топтарында білім беру процесі:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш, орта, жалпы білім беру деңгейінің стандарты, 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығының 1 қосымшасы.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 наурыздағы №90 бұйрығы.

2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2021.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш, орта, жалпы білім беру деңгейінің стандарты, 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының (2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 1,2,6,7,30,32 өсымшалары, 9 қосымшаның 7-тарауына сәйкес оқытылады;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары («Өзін-өзі тану» пәні бойынша 2016 жылғы 8 сәуірдегі №266 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі №334 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы №545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2014 жылғы 15 шілдедегі №281 бұйрығымен «Зайырлық және дінтану негіздері» пәні бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2020 жылғы 21 сәуірдегі №154 «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша енгізілген өзгерістермен»);

Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 13 тамызындағы №345 бұйрығы;

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық –эпидемиологиялық талаптар санитарлық қағидаларын бекіту туралы» (ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № 76 бұйрығы);

2021 -2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат,-Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2021.

А.Байтұрсыновтың әдістемесі негізінде әзірленген «Әліппе» мен «Букварь» пәндерінің қайтарылуы. Сонымен қатар 1-4 сынып «Цифрлық сауаттылық» пәні жүргізіледі.

«ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығының 14-тармағында бастауышсыныптағы «Ақпараттық –коммуникациялық технологиялар» пәнінің атауы «Цифрлық сауаттылық» болып өзгертілді. Пән мазмұны мен оқу жүктемесі өзгертілген жоқ.

«Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген №496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілетін болады. (2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына (188 2 қосымша) 2019 жылғы 26 шілдедегі №334 бұйрығына 4-қосымша өзгерістер енгізілді) «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 1-сыныпта 2022 жылдың 1 қаңтарынан енгізіледі. 2021-2022 оқу жылында 3-сыныпта «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 2021 жылдың 1 қыркүйегінен оқытылады.

«Жаһандық құзыреттіліктер» таңдау курсы енгізу оқушыларымыздың бойында қазіргі қоғамның талаптарына сай білім мен дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Жаһандық құзыреттіліктер» таңдау курсына 5- 6 сыныпта «Экология», 9 сыныпта «Абайтану», 10-11 сыныптарда «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» жатады.

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 1) 10-сыныпта – аптасына 1 сағат, жылына – 34 сағат, сондай-ақ далалық оқу жиынына (лагерьлік) вариативтік бөлімнен 30 сағат қарастырылған; 2) 11-сыныпта – аптасына 1 сағат, жылына – 34 сағат.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

5-8 сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады.

Шеңбертал орта мектебінің 2020 -2021 оқу жылына жасалған мектепалды даярлық сыныбының үлгілік оқу жоспары

№	Білім беру салалары/ Ұйымдастырылған оқу қызметі	Апталық жүктеме
1	"Денсаулық"	3
	Дене шынықтыру	2,5
	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері	0,5
2	"Қатынас"	5
	Сөйлеуді дамыту	1
	Көркем әдебиет	1
	Сауат ашу негіздері	2
	Орыс тілі	1
3	"Таным"	2,5
	Математика негіздері	1
	Құрастыру	0,5
	Жаратылыстану	1
4	"Шығармашылық"	5
	Сурет салу	1
	Мүсіндеу	1

	Жапсыру	1
	Музыка	2
5	"Әлеумет"	1,5
	Өзін-өзі тану	1
	Қоршаған ортамен танысу	0,5
6	Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы	25 минут
7	Апталық оқу жүктемесінің көлемі	17
8	Вариативтік компонент*	3
	«Ертегілер елінде»	1
	«Логика әлемі»	1
	«Көркем жазу»	1
9	Барлығы	20

Мектеп директоры:

Т.Ж.Сәрсенбаев

**Шеңбертал жалпы білім беретін орта мектебінің 2021 -2022 оқу жылына жасалған
1-4-сыныптардың үлгілік оқу жоспары**

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
министрінің 2021 жылғы 20
тамыздағы № 415 бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
министрінің
2012 жылғы 8 қарашадағы
№ 500 бұйрығына 1-қосымша

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны				Жалпы жүктеме, сағат	
		1	2	3	4	апталық	жылдық
Инварианттық компонент							
	Тіл және әдебиет	10	11	11	11	43	1452
1	Әліппе, Ана тілі	6	-	-	-	6	198
2	Қазақ тілі	-	4	4	4	12	408

3	Әдебиеттік оқу	-	3	3	3	9	306
4	Орыс тілі	2	2	2	2	8	270
5	Шетел тілі	2	2	2	2	8	270
	Математика және информатика	4,5	4	6	6	20,5	692,5
6	Математика	4	4	5	5	18	608
7	Цифрлық сауаттылық	0,5	-	1	1	2,5	84,5
	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	203
8	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	203
	Адам және қоғам	2	2	2	2	8	270
9	Дүниетану	1	1	1	1	4	135
10	Өзін-өзі тану	1	1	1	1	4	135
	Технология және өнер	2	2	2	2	8	270
11	Көркем еңбек	1	1	1	1	4	135
12	Музыка	1	1	1	1	4	135
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	405
13	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	405
Инварианттық оқу жүктемесі		22,5	23	26	26	97,5	3022,5
Вариативтік компонент							
Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар		-	1	1	1	3	102
						1	34
						1	34
						1	34
Вариативтік оқу жүктемесі		-	1	1	1	3	102
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі		22,5	24	27	27	100,5	3124,5

**Шеңбертал жалпы білім беретін орта мектебінің 2021 -2022 оқу жылына жасалған
5-9-сыныптардың үлгілік оқу жоспары**

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2021 жылғы 20 тамыздағы
№ 415 бұйрығына
6-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны					Жалпы жүктеме, сағат	
		5	6	7	8	9	апталық	жылдық
Инварианттық компонент								
	Тіл және әдебиет	11	11	11	11	11	55	1870
1	Қазақ тілі	3	3	3	2	2	13	442
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	3	3	12	408
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	15	510
4	Шетел тілі	3	3	3	3	3	15	510
	Математика және информатика	6	6	6	6	6	30	1020
5	Математика	5	5	-	-	-	10	340
6	Алгебра	-	-	3	3	3	9	306
7	Геометрия	-	-	2	2	2	6	204
8	Информатика	1	1	1	1	1	5	170
	Жаратылыстану	2	2	7	8	8	27	918
9	Жаратылыстану	2	2	-	-	-	4	136
10	Физика	-	-	2	2	2	6	204
11	Химия	-	-	1	2	2	5	170
12	Биология	-	-	2	2	2	6	204
13	География	-	-	2	2	2	6	204
	Адам және қоғам	4	4	4	4	5	21	714
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	10	340
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	5	170
16	Құқық негіздері	-	-	-	-	1	1	34
17	Өзін-өзі тану	1	1	1	1	1	5	170
	Технология және өнер	3	3	1	1	1	9	306
18	Музыка	1	1				2	68
19	Көркем еңбек	2	2	1	1	1	7	238
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	510
20	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	510
Инварианттық оқу жүктемесі		29	29	32	33	34	157	5338
Вариативтік компонент								
Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар		1	1	1	1	1	5	170
Элективті курстар		1	1	1	1	1	5	170

Вариативтік оқу жүктемесі	2	2	2	2	2	10	340
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі	31	31	34	35	36	167	5678

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2021 жылғы 20 тамыздағы
№ 415 бұйрығына
31-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 8 қарашадағы
№ 500 бұйрығына 100-қосымша

Шеңбертал жалпы білім беретні орта мектебінде 2021-2022 оқу жылына арналған жаратылыстану-математика бағыты бойынша 10-сыныпта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны		Жалпы жүктеме, сағат
		10	апталық	жылдық
Инвариантний компонент				
		1	1	34
1	Қазақ тілі	1	1	34
2	Қазақ әдебиеті	2	2	68
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	68
4	Шетел тілі	3	3	102
5	Алгебра және анализ бастамалары	4	4	136
6	Геометрия	2	2	68
7	Информатика	2	2	68
8	Физика	2	2	68
9	Химия	2	2	68
10	Биология	2	2	68
11	География	2	2	68
12	Қазақстан тарихы	2	2	68
13	Дүниежүзі тарихы	1	1	34
14	Құқық негіздері	1	1	34

15	Өзін-өзі тану	1	1	34
16	Дене шынықтыру	3	3	102
17	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	34
Инварианттық оқу жүктемесі		33	33	1122
Вариативтік компонент				
Жаһандық құзыреттілік (Кәсіпкерлік және бизнес негіздері)		1	1	34
Элективті курстар		3	3	102
Вариативтік оқу жүктемесі		4	4	136
Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі		37	37	

Шенбертал жалпы білім беретін орта мектебінде 2021-2022 оқу жылына арналған жаратылыстану-математика бағыты бойынша 11-сыныпта білім берудің (төмедетілген жүктемемен) үлгілік оқу жоспары

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2021 жылғы 26 наурыздағы
№ 125 бұйрығына
100-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 8 қарашадағы
№ 500 бұйрығына
100-қосымша

№	Оқу пәндері	Сағат саны	Жалпы жүктеме	
		11	апталық	жылдық
Инварианттық компонент				
Міндетті пәндер				
1.	Алгебра және анализ бастамалары	4	4	136
2.	Геометрия	2	2	68
3.	Информатика	2	2	68
4.	Қазақ тілі	1	1	34
5.	Қазақ әдебиеті	2	2	68
6.	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	68
7.	Шетел тілі	3	3	102
8.	Қазақстан тарихы	2	2	68
9.	Өзін-өзі тану	1	1	34
10.	Дене шынықтыру	3	3	102
11.	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	34
Оқу жүктемесі		23	23	782

Таңдау пәндері				
Тереңдетілген деңгей		4 сағаттан 2 пән		
12	Биология	4	4	136
13	Химия	4	4	136
Оқу жүктемесі		8	8	272
Стандарттық деңгей		2 сағаттан 1 пән		
14	Дүние жүзі тарихы	2	2	68
Оқу жүктемесі		2	2	68
Инварианттық оқу жүктемесі		33	33	1122
Вариативтік компонент				
Элективті курстар		6	6	204
Кәсіпкерлік және бизнес негіздері		1	1	34
Абайтану		1	1	34
Шахмат		1	1	34
Ақпараттық технологиялар		1	1	34
Елтану		1	1	34
Тілдің көркі сөз		1	1	34
Вариативтік оқу жүктемесі		6	6	204
Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі		39	39	1326

2020-2021 оқу жылының оқу жоспары

Бұл оқу жоспары 2020-2021 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыруда қолданыста болатын МЖМБС, Үлгілік оқу жоспарлары, үлгілік оқу бағдарламалары келесі кестеде берілген. 2020-2021 оқу жылына арналған ӘНХ-тың электронды қосымшасында көрсетілген нормативтік құқықтық актілерге сілтемемен өтуге болады.

Оқу процесін ұйымдастыру кезінде білім беру ұйымдары осы Әдістемелік-нұсқау хатты, сонымен бірге «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде білім беру ұйымдарында оқу процесін жүзеге асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа алады».

1-4-сыныптарда білім беру процесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру деңгейінің стандарты, 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары («Өзін-өзі тану» пәні бойынша 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 266 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары;

«ҚР Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы;

Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылығы № 595 30 қазандағы ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығы;

«Арнайы білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығы.

5-11-сыныптарда білім беру процесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2019 жылғы 15 мамырдағы № 205 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 3 сәуірдегі № 352 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрықпен «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндері бойынша негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары (2020 жылғы 21 сәуірдегі №154 «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша енгізілген өзгерістермен»);

«Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығымен бекітілген оқу басылымдары;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім

беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары;

«ҚР Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары (2015 жылғы 18 маусымдағы № 393 бұйрықпен соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы бекіткен №595 бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Арнаулы білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығы

ҚР білім және ғылым Министрінің 27 қарашадағы Қазақстан Республикасының 2017 жылғы № 596 мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы (соңғы өзгертулер және толықтырулармен 21.09.2018 жылғы № 477 бұйрығы);

«Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығы (2019 жылғы 16 мамырдағы № 208 бұйрықпен соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы (2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 662 бұйрықпен соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы (2018 жылғы 25 қыркүйектегі № 494 бұйрықпен соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім мен ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы;

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығы;

Мектепке дейінгі білім беру саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты көздейді, балалардың мектепке дейінгі сапалы білімге қол жеткізуге, барлық деңгейдегі білім беруді жаңғыртуға сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің мазмұнына сәйкес құрылды. Білім саласына меншік нысанына мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының барлық түрлері міндетті болып табылады. Балалардың, яғни жас аралық сатысындағы оқу жүктемесі мемлекеттің барлық техникалық-гигиеналық ережелеріне сәйкес келеді.

Педагогикалық процестің жаңашылдығын, жастық топтардың пәндік-дамытушылық ортасының мазмұнын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудағы педагогтарға қойылатын талаптардың орындалуын, баланың денсаулығы мен оның физикалық дамуын сақтауға, баланың жас кезеңдерінде әлеуметтік ахуалды іске асыру үшін жағдай тудыруға көңіл бөледі. Тәрбие мен оқытудың базалық жүктемелері ҚР-ң мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту негізгі ережелеріне» сәйкес «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік» білім салаларына бөлініп құрылған.

2019-2020 оқу жылы бойынша

Мектептің педагогикалық кеңесінің қаулысы негізінде 1-11 класс вариативтік сағаттары төмендегі мұғалімдерге бөлініп берілді.

Мемлекеттік стандарттың негізгі компоненттерінің бірі – базистік оқу жоспары. **Базистік** оқу жоспары мектеп құрылым туралы, оқу пәндерінің минимал жиынтығы, мазмұндық толымдылық және әрбір пән бойынша минимум оқу жүктемелерін көрсетеді. Онда инвариативтік және вариативті бөлімдер ерекшеленеді.

Вариативтік бөлік арқылы мектеп компоненті жүзеге асырылады, ол білім беруді демократияландыру ұстанымдарын жүзеге асыруға ықпал етеді, педагогтардың шығармашылық әлеуеттерінің көрінуіне мүмкіндіктер туғызады, оқушыларға қосымша білім беру бағдарламаларын таңдауға құқық береді.

Типтік оқу жоспарының вариативті бөлігі жалпы білім беретін оқу орындарына оқушылардың мүддесі мен қабілеттерін қанағаттандыруға бағытталған жалпы орта білім мазмұнының көлемі оқушылардың білімділік қажеттіліктерін өтеу мақсатында бөлінеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты, Мектепалды даярлықтың білім беру бағдарламасы және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес шағын орталықта оқу жүктемесі 14 сағатты құрайды. Оның ішінде 2 сағат вариативтік таңдау курсы арқылы жүзеге асырылады.

Мектепалды даярлық тобында сабақтарды ұйымдастыру және өткізу білім беру бағдарламалары және базистік оқу жоспары негізінде жүргізіледі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес мектепалды даярлық сыныптарында оқу жүктемесі 24 сағатты құрайды, оның ішінде 20 сағат ұйымдастырылған оқу әрекетіне, 4 сағат – вариативті компонентке қарастырылды.

Мектепалды даярлық сыныптарында оқу жылының ұзақтығы 32 оқу аптасын құрайды.

Мектепалды даярлық сыныпта білім беру мазмұны балалардың танымдық, қатынас, эстетикалық және физикалық потенциалын дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Әлеумет» және «Шығармашылық» білім беру салалары арқылы жүзеге асырылады. Тәрбиеші мұғалім тәрбиеленушілердің қаламды дұрыс ұстауы, жазу ерекшеліктерімен таныстыру, жазу сауаттылығын арттыру мақсатында «Көркем жазу» - 2сағат, қызықты есептер арқылы математикалық ойлауды, оқуға деген жақсы ынта жігерді қалыптастыру мақсатында - 1сағат «Логика әлемі» және тәрбиеленушілердің шетел тіліне деген қызығушылықтарын қалыптастыру мақсатында «Ағылшын тілін үйренейік» тақырыптарында таңдады.

Білім негізі бастауышта дегендей, математика сабағында берілетін практикалық есептер оқушылардың оқыл-ойын, қабілетінің дамуын, ғылым негіздерін берік игеріп, алған білімдерін өмірде қолдана білуге әсер етеді. Дегенмен де сабақ үстінде оқу бағдарламасы бойынша маңызды мәселелердің бәрін қамту мүмкін болмай қалады. Сол себепті бастауыш сыныптарда математика пәніне деген оқушылардың қызығушылығын арттыру, теориялық білімдерін тереңдету мақсатында 2-4 - сыныптарға 1 сағаттан 2-сыныпқа «Қызықты математика», 3-сыныпқа «Математика әлемінде», 4-сыныпқа «Математика бізбен бірге» тақырыптарында таңдау курстарынан сағаттар берілді.

Оқушы компоненті сағаттары есебінен оқушылардың жазу каллиграфиясын қалыптастыру,

қатесіз ұқыпты жазуға баулу мақсатында 1 сыныпқа ана тілі пәнінен «Көркем жазу-сауаттылық

айнасы» және бастауыш сыныптарда математика пәніне деген оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында математика пәнінен-1 сағат «Математика әлемінде» тақырыбында, оқушыларды қолөнерге және музыкаға баулу мен ұлттық рухта тәрбиелеу, танымдық қызығушылығын қанағаттандыру үшін алған білімдерін қолдана білуге үйрету

мақсатында 2-3 сыныпқа музыка және технология пәнінен- 1сағаттан «Домбыра құдіреттілігі» және «Жапсырмалау өнері арқылы интерьерлік бұйым жасау», музыка пәнінен 3-сыныпқа 1 сағат «Ұлттық өнер», 4-сыныпқа 1сағат

«Көңілашар» тақырыбында сағаттар берілді.

Оқушылардың негізгі теориялық білімдерін қалыптастыра отырып, «қарапайымнан-күрделіге» қағидасы бойынша оқушылардың білім, білік дағдысын жетілдіру және өз өлкеміздің табиғаты мен тарихын тереңірек зерделеу, оқушылардың бойында отансүйгіштік қасиеттерді, ақпарат саласындағы теориялық білімді және практикалық білік пен дағдыны қалыптастыру тұрғысында: қазақ тілінен 5-сыныпқа 1 сағат «Тіл білімі» тақырыбында, 6-сыныпқа 1 сағат «Сөз өнері» және дене шынықтыру пәніне « Ұлттық ойын тоғызқұмалақ» тақырыбында, информатиканың іргелі негіздерін меңгерту, ақпарат саласындағы теориялық білімді және практикалық білік пен дағдыны қалыптастыру мақсатында информатика пәнінен 5-сыныпқа 1 сағат «Программалық қамтамасыз ету», 6-сыныпқа информатика пәнінен «Информатика негіздері», 7-сыныпқа «Робототехника негіздері» тақырыбында, сонымен қатар қазақ тілі пәнінен 8-сыныпқа «Морфология» және география пәнінен «География, тарих, өнер қиылыстары және өзара байланысы» тақырыбында, оқушылардың дене шынықтыру пәніне деген қызығушылығын арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында 9 -сыныпқа « Шахмат әлемі» тақырыбында, оқушылардың діни көз қарастарын қалыптастыру мақсатында және нұсқаулық хаттың негізінде 9 сыныпқа 1сағат «Зайырлылық және дінтану негіздері» мен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен «Абайтану» курсы оқытылады.

Оқушы компоненттерінің сағаттары сыныптардағы жекелеген пәндер бойынша кейбір оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру, өнерге баулу мақсатында 5-сыныпқа көркем еңбектен «Сәндік қолданбалы өнер -балық сүйегінен панно жасау», 6-сыныпқа музыка пәніне «Күмбір күйдің кемеңгерлері», пәнінен 7-сыныпқа көркем еңбек пәнінен «Ағаш шеберлігі жұмыстары» тақырыбында 8-сыныпқа дене шынықтыру пәнінен «Шахмат.Ақ ладья» тақырыбында және 9-сыныпқа өз өлкеміздің табиғаты мен тарихын тереңірек зерделеу мақсатында география пәнінен «Картографиядағы математикалық модельдер мен әдістер» тақырыбында курстар берілді.

Мектепте 10-11 сыныптар жаратылыстану –математика бағытында оқитын сынып болып қалыптасты.

Осыған орай 10-11 сыныптағы қолданбалы курстар мен оқушы компоненттері төмендегідей бөлінді.

Қолданбалы курстар негізінен жаратылыстану математика бағытындағы пәндерге катысты 10-сыныпқа «Графика және жобалау», 11-сыныпқа «Физика сабағында күрделі есептерді шығару дағдыларын қалыптастыру», география пәнінен 10- 11-сыныптарға «Туған өлкедегі әлеуметтік –экономикалық процестерді модельдеу», 11-сыныпқа «Әлеуметтік-экономикалық географияның математикалық модельдері мен әдістері» тақырыбында, математикадан 10-11-сыныптарға «Математикалық сауаттылыққа есептер шығару» және «Таңдаулы математика» тақырыбында 1 сағаттан курстар, АӘД пәнінен 10-сыныпқа - 1 сағат «АӘД», 11-сыныпқа «Тұқым қуалаушылықтың заңдылықтары» 1сағат, химия пәнінен 10-11 сыныптарға «Химия өмірде» және «Химиялық есептерді шығару әдістері» тақырыбында курстар берілді.

Қолданбалы курстардың сағатынан 1 сағаттан информатика пәнінен 10-11-класқа заманауи ақпараттық технологияларды тереңірек зерделеу мақсатында «Графикалық редакторлардың мүмкіндерін, видео бағдарлауды қолдану жолдары», «Әлеуметтік информатика» тақырыбында курстар берілді.

Оқушы компоненттерінің сағаттары әдістемелік нұсқау хатқа сәйкес қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен мектеп оқушыларына Абайдың ақындық болмысын, Абай шығармаларын оқып білудің өзектілігін, ғұлама ойшылдың философиялық ақыл- нақыл сөздерінің мән- мағынасын ұғындыру мақсатында 10- 11-сыныптарға 1 сағаттан «Абайтану» курсы алынды.

Оқу жоспарының мектеп компонентінде белгіленген сағат сандарына сәйкес төмендегідей таңдау курстары ұйымдастырылған:

2017-2018 оқу жылында 1-2 сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және ҚР Білім және ғылым министрінің 8 сәуір 2016 жылғы №266 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламасымен» күнтізбелік жоспар құрылып, пәндер бойынша базалық мазмұн игерілді.

3,4,6,8-11 - сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларымен оқытылды.

6,8,9 –сыныптар «Қазақстан тарихы» пәнін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 393 бұйрығының 2-қосымшасымен оқытылды.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптағы Қазақстан тарихы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 393 бұйрығының 5-қосымшасымен, қазақ тілі 4-қосымшасымен, «Адам.Қоғам.Құқық» 6-қосымшасымен оқытылды.

5,7-сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 23 қарашадағы № 668 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларымен оқытылды.

4) Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі);

2018-2019 оқу жылы бойынша Шеңбертал орта мектебі бойынша Патриот, білімді дені сау, жауапты және жігерлі, инновациялық экономика жағдайында табысты қызмет ететін, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгерген, қазақ халқының жалпы адамзаттық құндылықтар мен мәдениетті бойына сіңірген, толерантты, дүниежүзіне танымал және мәртебелі- 2020 жылғы қазақстандық жастар осындай болады.

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын өмірде іске асырудың іргетасы мектепте қалануы тиіс.

Білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысы мақсатты түрде жүргізілуі тиіс, оқытудың тәрбиелік құрамдас күшейту қажет. Жаһандану және ақпараттандыру процестері, көшіп- қонуының өсуі, әртүрлі мәдениеттер тасмалданушыларымен түрлі деңгейде халықаралық байланыстың артуы, бірінғай әлемдік экономикалық, ақпараттық, мәдени, білім беру кеңестігін қалыптастыру білім алушы тұлғасын мәдениаралық қатынастар субъектісі ретінде тәрбиелеу жұмысын күшейтуді талап етеді. Уақыттың жаңа сын- тергеуіндері мен тәуекелдері көпмәдениетті мақсатында білім беру ұйымдарында **Қазақстан Республикасы рәміздеріне 25 жылдығын мерекелеуге** дайындық. Бір Ел. Бір Тағдыр патриоттық акциясын өткізу бойынша шаралар ұйымдастыру қажет. Еліміз Қазақстан -2030 стратегиясын мерзімінен бұрын жүзеге асырып, егемен дамуының 25 жыл аралығында әлемнің дамыған 50 елі қатарына енгенін, 2050 стратегиясын, «100 нақты қадам: баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» Ұлт жоспарын жүзеге асыруды бастағанын түсіндіре отырып, әрбір оқушының бойында өз Отаны үшін мақтаныш сезімін қалыптастыру қажет.

Рәміздердің 25 жылдығын мектептерде мерекелеудің негізгі мақсаты мемлекеттілікті, халықтар бірлігін және барлық қазақстандықтардың «Мәңгілік Ел» құндылықтары төңірегіне шоғырландыруды одан әрі дамыту: Қазақстан тәуелділік рәміздерінің 25 жыл аралығындағы жетістіктері мен табыстарын көрсету; қазақстандық қоғамының одан әрі табысты дамуын біріктіретін түйіні болатын «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясын және оның құндылықтарын алға бастыру; бірігейлік пен бірлікті нығайту; елі үшін мақтаныш сезімін

нығайту; еліміздің барлық азаматтарын мемлекеттің басты стратегиялық міндетін- әлемнің дамыған 30 елінің қатарына енуін іске асыру болуы тиіс.

«Бес институционалдық реформаны іске асыру бойынша 100 нақты қадам» Ұлт жоспарындағы 85-ші және 89-шы қадамдар Мәңгілік Ел идеясына арналған. Класс жетекшілер тәрбие жоспарына «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық актіні түсіндіру және зерделеуді ұйымдастыру жөніндегі іс- шаралар жоспарын енгізу қажет.

2019-2020 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының басым бағыттары

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

1. «Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие» білім алушылардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық сана-сезімді, жеке бас бостандығы мен ар-намысының құндылығын, парасаттылық пен адалдықты, толеранттылықты, еңбекке деген құрметті, «толық адам» қасиеттерін қалыптастырады, зорлық-зомбылық пен агрессиялық ой-пиғылдың, әртүрлі типтегі кемсітушіліктің алдын алуды қарастырады.

2. «Рухани-адамгершілік тәрбие» адамгершілік келбеті, адамгершілік сана; құндылық сезімдері мен қасиеттері – ізгілік, ар-ождан, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, бауырмалдық, мейірімділік, адалдық, ынтымақтастық, ұлтаралық келісім, толеранттылық сияқты құндылықтарды қалыптастырады.

3. «Ұлттық тәрбие» аясында жаңа оқу жылында білім алушылардың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту мақсатында цифрлық дәуір ерекшеліктерімен байланыстыра отырып «Дәстүр мен ғұрып» жобасы іске асырылатын болады.

4. «Мектептегі отбасы тәрбиесі» отбасы мүшелері арасындағы сыйласымдылық, үлкенді құрметтеу, ананы сыйлау, әкені қадір тұту, отбасы берекесі, отбасылық дәстүрлер, бауырмалдық, туыскандық, денсаулыққа қамқорлық, салт-дәстүр сабақтастығы, сүйіспеншілік.

5. «Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие» білім алушылар бойына шығармашылық еңбек, еңбек мәдениеті, экономикалық сана, кәсіп, мансап, функционалдық сауаттылық, туған табиғатқа деген сүйіспеншілік сынды құндылықтарды сіңіруге ықпал етеді.

6. «Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие» білім алушыларға эстетикалық сананы; эстетикалық талғамды қалыптастыруға көмектеседі. Мектептегі көп мәдениетті тәрбие басқа мәдениеттердің, ұлттардың, діни сенім және т. б. өкілдеріне толерантты көзқарасты қалыптастыруға бағытталуы керек. Осы бағытты іске асырудың негізгі тетіктері – Қазақстан халқы Ассамблеясымен және этномәдени орталықтармен ынтымақтастық; балалар мен жастар жұмыстарының көрмесін ұйымдастыру, халықтар достығы фестивальдері, тілдік және шығармашылық клубтар, конкурстар; танымал адамдармен, өнер қайраткерлерімен кездесулер. Жыл сайын тәрбие жұмысының жоспарына білім алушыларды көп мәдениетті тәрбиелеу жөніндегі іс-шараларды (толеранттылық сабақтары, Әлем күніне арналған акциялар, Халықаралық бейбітшілік күніне арналған бірінғай ақпараттандыру сағаты және т.б.) енгізу ұсынылады.

7. «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі» білім құндылығын; зияткерлік ұстанымды; әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын; ал ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу кибермәдениет мен кибергигиенаны қалыптастырады. Зияткерлік тәрбие лингвистикалық, музыкалық, логикалық-математикалық, кеңістіктік, дене-кинестетикалық, тұлғааралық, тұлға ішіндегі зияткерлікті дамытуға бағытталуы керек.

8. «Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты» салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастырады.

2020-2021 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспары

Тәрбие жұмысының тақырыбы: Қазіргі мектеп оқушыларының жоғары тәрбиелік деңгейін қалыптастыру

Тәрбие жұмысының басым бағыттары

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбиенің мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ коэволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
7. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

Мақсаты: Отанға ұтымды және эмоционалдық қарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматты қалыптастыру.

2021-2022 оқу жылы бойынша Тәрбие жүйесінде жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие» бағыты бойынша Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай 2021-2022 оқу жылында «Туған жерге тағзым» жалпы республикалық экспедициясын «Тарих тағылымы» мен «Қазақ мәдениетінің антологиясы» әлеуметтік жобаларын, «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» («Қазақстанның киелі географиясы») жобасын қамтитын «Ұлы дала мұрагерлері» жобасын іске асыруды жалғастыру қажет. Сонымен қатар «**Құқықтық сана – қарымға пана**» жобасы білім алушылардың құқықтық сауаттылығы мен құқықтық санасын және құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған. Осы жоба шеңберінде білім беру ұйымдарында заманауи әдістемелер негізінде білім беру және тәжірибеге бағдарланған ішараларды өткізу жоспарлануда. Білім алушылардың сана-сезімі мен құқықтық мәдениетінің қалыптасу критерийлері: негізгі заңдарды білу, түсіну және міндетті түрде орындау, құқықты, заңдылықты құрметтеу, алған білімдерін күнделікті өмірде өз бетінше және функционалдық сауатты түрде пайдалана білу; нормаларға қайшы келмейтін мінез-құлық, құқыққа қарсы құбылыстардың, әрекеттердің кез келген түрін қабылдамау, академиялық адалдық. **Мектеп пен ата-аналар балаларды қоғамға жат мінез-құлықтан бас тарту мәдениетіне тәрбиелей отырып, ИНКЛЮЗИВТІ МӘДЕНИЕТ** инклюзивті білім берудің негізгі үш аспектісінің (инклюзивті саясатты әзірлеу, инклюзивті мәдениетті құру, инклюзивті практиканы жүзеге асыру) маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. Білім беру ұйымдарындағы әрбір адамның өзіндік ерекшелігін, әртүрлілігін құрметтеу, білім берудің кез келген субъектісіне қолайлы, жағымды мектеп қоғамдастығын құру, инклюзивті құндылықтарды қабылдап инклюзивті мәдениетті қалыптастыра білу қажет.

2. «**Рухани-адамгершілік тәрбие**» бағыты бойынша «**Қоғамға қызмет**» әлеуметтік еріктілер жобасын – «Мектепке жол», «Қамқорлық», «Мектепке жиналуға көмектес», «Адамға қуаныш сыйла» және т.б. акцияларды жүзеге асыруға кеңінен қатыстыру қажет. Рухани-адамгершілік тәрбиені қалыптастыруда қазақтың педагоғағартушысы, жазушы, фольклоршы, қоғам қайраткері, ғалым-этнограф Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына; қазақтың халық ақыны Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына; көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейхановтың 155 жылдығына; қазақ әдебиеттануы мен тіл білімінің негізін салушы, ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына; Қазақ КСР Халық әртісі, қазақтың белгілі музыкатанушысы, композитор, дирижёр, ақын Ахмет Жұбановтың 115 жылдығына; қазақтың белгілі лирик ақыны, аудармашы Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына арналған бұқаралық іс-шаралар өткізу маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар Адамгершілік құндылықтар жүйесін қалыптастырудың бір жолы – кітап оқу. 2021-2022 оқу жылында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру және оны қолдау, кітап мәртебесін («*Кітап оқу – сән*») арттыру мақсатында білім алушылар арасында «**Оқуға құштар мектеп**» жобасы барлық өңірде біртіндеп енгізіледі. Әрбір мектепте және отбасында 20 минуттық кітап оқу ұйымдастырылады. Мектеп холдарында үлкен үзілістерде кітап оқуды ұйымдастыру үшін «**Буккроссинг**» бұрыштарын құру ұсынылады.

3. «**Ұлттық тәрбие**» бағыты бойынша «**Дәстүр мен ғұрып**» жобасы іске асырылатын болады. Әрбір халық өзінің төл мәдениетін, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын сақтауы тиіс. Дәстүр жастарды тәрбиелеуде, ұлттық сана-сезімді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Аталған бағыт шеңберінде: «Менің Отаным – Қазақстан» (балалар мен жасөспірімдер туризмі мен өлкетануды дамыту, экспедициялар, саяхат, экскурсиялар ұйымдастыру), «Тарих мұрасы», «Өз жерінді таны» (өлкетанулық білімі мен мектеп туризмін, тарихи-археологиялық қозғалысты жандандыру, туған өлкенің тарихын,

мәдениетін, дәстүрін терең зерттеу) «Табиғатым – тал бесігім» (туған жерге жауапкершілікпен, аялап қарау) жобаларын жүзеге асыруды жалғастыру маңызды.

4. « Мектептегі отбасы тәрбиесі » бағыты бойынша ата-аналарға арналған лекториялар, ата-аналар кештерін, Ашық есік күндерін, тренингтер өткізу, «Ата мектебі», «Әже мектебі», «Әке мектебі», «Ана мектебін» құру ұсынылады. Бұл мектептерді құрудың мақсаты – бала тәрбиесіндегі отбасының ролін арттыру. Ата-аналардың, қоғамның, үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен **«Мектептегі бір күн»** жобасын іске асыру ата-аналардың қажеттіліктерін, сұраныстарын, отбасылық ерекшеліктері мен отбасылық тәрбиесі ескеріледі, ата-аналарды мектептің, сыныптың, өз баласының істеріне жұмылдыруға, білім беру процесінің барлық қатысушыларымен өзара іс-қимыл жасауға жәрдемдеседі.

5. « Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие» бағыты бойынша «Еңбек – елдің мұраты» жобасы шеңберінде өзінің кәсіби саласында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізген табысты адамдардың өмірі мен қызметі жайында таныстырылады, білім алушылар арасында кәсіптік бағдарлау жұмысы жүргізіледі, еңбектің құндылығы жаңа деңгейге көтеріледі. Оқушыларды еңбекке тәрбиелеу әртүрлі іс-шараларды ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады: қолөнер көрмесі, мектеп маңайын және ауылын көгалдандыру мен абаттандыру, шеберлер турнирі, игі істер апталығы, көңілді шеберлер қаласы, еріктілер актісі, қамқорлық көрсету аймағы, еңбек десанты және тағы сол сияқты іс-шараларды ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады. Білім алушылардың өзін-өзі кәсіби анықтауында мамандық таңдауына көмектесетін «Мамандық таңдау уақыты» бейне блогерлер байқауы, «Менкәсіптер әлемінде» әдеби байқауы (эссе), «Мамандық: кеше, бүгін, ертең» байқауы, «Мұндай мамандық бар» презентациялар конкурсы сияқты іс-шаралар жүйесін өткізу ұсынылады.

«Үнем – қоғам қуаты» жобасының міндеті – ұқыптылық пен үнемділік, мінез-құлық трендтерін қалыптастыру, прагматикалық дағдыларға, таймменеджментке үйрету, қаржы және материалдық ресурстарды сақтау және үнемді пайдалану дағдыларын қалыптастыру, сыни ойлауға үйрету.

Білім алушылардың экономикалық тәрбиесіне тақырыптық сынып сағаттарын, экскурсияларды, пікірталастарды, рөлдік ойындарды және т.б. өткізу оң ықпал етеді. Бұл ретте «Іскерлік қарым-қатынас этикасы» сынып сағаттары, «Жарнама жасау өнері», «XXI ғасыр менеджері», «Көшбасшы нені білуі керек?», «Кәсіпорындардағы қақтығыс жағдайларын шешу» рөлдік ойындары, кәсіпорындарға экскурсиялар және т.б. қамтылуы тиіс.

6. «Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие» бағыты бойынша *Көркем-эстетикалық тәрбие* саласында отандық мәдени жетістіктерді – кітаптарды, пьесаларды, мүсіндерді, картиналарды, музыкалық шығармаларды, Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің үздік үлгілерін – ертегілерді, аңыздарды, эпостарды, аңыздарды оқыту және ілгері дамыту ұсынылады. Сонымен қатар тұрақты жұмыс істейтін тақырыптық кітап көрмелерін өткізу маңызды. Өскелең ұрпақты театр өнері әлеміне тарту мақсатында әр мектепте **«Балалар және театр»** ағартушылық жобасын жүзеге асыру маңызды.

7. «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі» бағыты бойынша «Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру білім алушылардың командада жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға, қарама-қарсы пікірге құрметпен қарауға, өз көзқарастары мен пікірлерін белсенді қорғауға үйретуге мүмкіндік береді. Пікірсайыс қозғалысының мақсаты-қоғамда орын алған проблемаларды жария талқылау және талдау арқылы білім алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру.

8. «Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты» бағыты бойынша Орта білім беру ұйымдарында бұқаралық спорт түрлері (*футбол, волейбол, баскетбол, гандбол, футзал, ұлттық спорт түрлері: асық ату, тоғызқұмалақ, қазақ күресі*) бойынша мектептік спорт лигалар желісі мен спорт секцияларын кеңейту маңызды. Ұлттық және бұқаралық спорт түрлері бойынша ұлттық спорт лигаларын, қысқы және жазғы спорт түрлері бойынша оқушылар спартакиадасын дамыту қажет.

5) Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі);

2017-2018 оқу жылы бойынша Биылғы жылы мектебімізде 11 класс жетекші бекітілді. Класс жетекшілер жыл бойы жүргізілетін білім беру үрдісіндегі тәрбиенің негізгі бағыттары бойынша жұмыс жасады. Жылдық тәрбие жұмыстары 9 бағыт бағдарламасы бойынша құрылып, бектіліп өткізілуде. **Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие бағытында:**

2018-2019 оқу жылының 1- қыркүйек Білім күніне байланысты 1-11 кластар аралығында «Мен өз елімнің патриотымын» тақырыбында ашық тәрбие сағаттары өткізілді.

1-қазан қарттар күніне орай «**Қарттарын қадірлеген ел ардақты**» атты мерекелік концерттер ұйымдастырылды. Ақжаулықты әжелерімізге, ақсақал аталарымызға мерекелік дастарқан жайылып жіне оған қолдау көрсеткен қамқоршылық кеңес мүшесі Кетебаев Сәкен ағай қолдау көрсетті.

Желтоқсан айының 1 күні Тұңғыш Президент күніне арналған апталық ұйымдастырылып, «**Еркін елдің ертеңі**» кітап көрмесі, «**Ұлт мақтанышы танымдылық сағаты**» тәрбие сағаттары,

1-мамыр Бірлік күні және 7-мамыр отанқорғаушылар күні және 9-мамыр жеңіс күніне орай мерекелік шеру ұйымдастырылды. Сонымен қатар «**Ұлы жеңіс туы желбіресін**» атты мерекелік шара өтілді. «**Алғашқы әскери дайындық пәнінде патриоттық тәрбие беру және оқыту іс-тәжірибесі**» атты баяндама оқылды. Баяндамашы АӘД пәнінің мұғалімі Қ. Скақов «**Олар мәңгі өшпейді....**» 1-9 сыныптар арасында тәрбие сағаттар өтті. «**Жеңіске мың тағзым**» қабырға газеттері ілінді.

2. Ұлттық тәрбие, отбасылық тәрбие бағытында:

Отбасы күніне орай 5-11 қыркүйек аралығында апталық өткізілді. Сонымен қатар мектеп тәлімгерінің ұйымдастыруымен Отбасы күніне орай бастауыш сынып арасында сурет көрмесі, «**Толағай**» отбасылық сайыстар, психологиялық тренингтер өткізілді. «**Мен отбасымды мақтан тұтамын**» шығарма байқауы. «**Толағай**» отбасылық сайысы өткізілді. 15-мамыр Отбасы күніне орай «**Отбасы өмір-шуағы**» атты ата-аналармен дөңгелек үстел 5-6 сыныптардың ата-аналарымен өткізілді. Класс жетекшілер, ата-аналар, оқушылар өз үлестерін косты.

3. Рухани-адамгершілік тәрбие бағытында:

Шеңбертал жалпы білім беретін орта мектебінде «**Ұстаздар**» мерекесіне орай іс-шаралар ұйымдастырылды. 02.10.-05.10.2018 күндері аралығында апталық ұйымдастырылып, апталықтың өту барысында өзін-өзі басқару күні белгіленіп, 03.10.-04.10.2018 күндері оқушылар ұстаздарға құрмет көрсету барысында сабақ беріп, әр класс оқушылары ұстаздарына мұғалім күніне арналған құттықтау открыткаларын ұсынып, оқушылар ұстаз алғысын алды. 10.10.2018 күні мектеп оқушыларының ұйымдастыруымен «**Жадымда тұрар жаңғырып, Ұстазым менің мәңгілік**» атты мерекелік концерт өткізілді. Мерекелік кешке осы мектепке көп жылдан бері еңбегі сіңген зейнеткер ұстаздар шақырылды. Қаңтар және ақпан айларындағы жоспарға сәйкес «**Кәсіби бағдар: рухани жаңғыру, Бақытты бала**» жобасы бойынша «**Айгөлек**» ән-би байқауы, ұйымдастырылып, өткізілді. Сонымен қатар жастар жылына байланысты жастар

4.Көпмәдени тәрбие және көркем эстетикалық тәрбиесі бағытында:

Шеңбертал жалпы білім беретін орта мектебінде 08.09.2018 жылы бірінші сынып ата-аналарына психологиялық-педагогикалық көмек көрсетіліп, «**XXI ғасырдағы қазақстандық ата-ана: өз балаңа үлгі бол**» тақырыбында республикалық конференция өтті. Конференция бағдарламасы бойынша алғы сөзді мектеп директоры міндетін уақытша атқарушы Мәдиқызы Айнұр сөз сөйледі. Әрі қарай мектеп психологы Баймұханов Самал бағдарламаны таныстырып, бағдарламаның алты бағытымен таныстырып, оларды түсіндіріп өтті. Сұрақ –жауап арқылы ата-аналармен пікір алмасып отырды. Ата-аналар өз ойларын еркін жеткізе білді. Алдағы уақытта осындай конференциялар көп болсын деп сенім білдірді. 1-класс ата-аналары сұрақтарға нақты жауап беріп отырды, мысалы айтатын болсақ Қаламқас апай өзінің немересінің ортаға тез бейімделетінін, тіл табысқыш екенін айтып өтті және әрқашан да мектеп пен ата-ана арасындағы байланыс нық болатынына сенімін білдірді.Осы аталған конференция мектеп психологы

5.Қоршаған ортаны өзін-өзі оңтайлы қабылдауы, көшбасшылық қасиеттерін тәрбиелеу бағытында:

Қараша айында «**Күз ханзадасы мен күз ханшайымы**» сайысы өткізілді.Оған 6-8 сыныптар қатыстырылды.Оқушылар белсене ат салысып,өз шеберліктерін көрсете білді.Оқушылар сыйлықтармен,дипломдармен марапатталды. Ұлы даланың дәстүрлеріне негізделген 2019 жылдың ақпан айында «**Сыбаға**» қайырымдылық шарасы ұйымдастырылды. . Қыс келбеті тақырыбында сурет көрмесі өткізіліп, оқушылар марапатталды. :«**Ауылым мақтанышым менің**» атты бұрыш жасақталы.«**Жол белгілері және жолға салынатын таңбалар**» ашық тәрбие сағаттары 5-сынып Жетекшісі Пірімбет Ақтоты«**Құстар көктем жаршысы**» тәрбие сағаттары 1-4 сыныптар арасында өтті.

6.Еңбек экономикалық және экологиялық тәрбие бағытында;

Қазан айында Еңбек және Мүгедектер күніне байланысты қайырымдылық акциясы барысында ауылымыздағы Шұға әжеміздің үйіне барып көмек көрсетілді. «Қарияға көмек азаматтық парыз» тақырыбында қарияларға Шеңбертал ЖББОМ оқушылары мен ұйымдастырушы тәлімгердің қатысуымен көмек берілді.

«Елбасы мерейі» колөнер және сурет байқаулары өткізілді.

7. Зияткерлік ақпараттық мәдени тәрбие бағытында

«Елбасы және Тәуелсіз Қазақстан» үздік ойлар жарысы,эссе байқауы өткізілді. Оқушыларды пән мұғалімдері қосымша пәндік тапсырмалар алып, ҰБТ дайындықты уақытында жүгізіліп жатыр.

8. Дене тәрбиесі салауатты өмір салты бағытында

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016жылғы 15 қаңтардағы № 176 Жарлығымен бекітілген Қазақстан республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік және Ұлттық бағдарламасын іске асыру мақсатында 2018 жылдың 8 қыркүйек күні сағат 9.00-де Шеңбертал жалпы білім беретін орта мектебінде «Дені саудың рухы сау» атты ұранымен спорттық іс-шаралар,эстафеталар өткізілді. Спорттық шараға 8-11 сыныптар қатысып, жүгіруден және футбол жарысы ұйымдастырылды. Оқушылар белсене ат салысып, футбол ойынынан өз шеберліктерін көрсетті. Шеңбертал жалпы білім беретін орта мектебінде қараша айымен желтоқсан айының аралығында жоғарғы сыныптарда «Жасөспірімдердің денсаулық және өмірлік дағдыларын қалыптастыру суицидтің алдын алу» тақырыбында сауалнамалар, дәріс сабақтар өткізді. Шеңбертал жалпы білім беретін орта мектебінің 2019 жылғы наурыз айында мектеп медбикесінің салауатты өмір салтын қалыптастырудағы жұмыс жоспары бойынша төмендегідей іс-шаралар өтті.

21 ақпан күні 3,6-7,11 сынып оқушыларына Қызылшаның алдын алу тақырыбында лекция оқылды. 11-сыныптан 8 оқушы, 7-сыныптан 6 оқушы, 6-сыныптан 5 оқушы, 3-сыныптан 6 оқушы қатысты.

9.Құқықтық тәрбие бағытында: Оқушыларды кешкі көшеге шығу жағдайларын қарастыру жағында мектебіміздің ер мұғалімдері кешкі кезекшілік қызметіндеттерін атқаруда. Оқушылар құқық қорғау органымен кездесу жүргізіліп, ақыл кеңестер берілді.

Мектепте оқушылардың өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу шаралары жоспар бойынша жүргізіліп келеді.Мектеп психологы класс жетекшілер мен бірігіп кластың педагогика-психологиялық мінеземесін анықтады.Оқушылардың психологиялық мінез-құлықтарын зерттеп,қосымша бағыт-бағдарды қажет ететін оқушылармен жұмыс жүргізілді.Қараша айында 9 класста «Мен өмірді таңдаймын» атты тренинг өткізілді.Тренингте оқушыларға өмірге,айналаға деген қызығушылығын арттыратын түрлі ойындар өткізіліп,сауалнамалар жүргізілді.Сонымен қоса 10-11 класс оқушыларымен «Сені өмірде не алаңдатады» атты тренинг өткізілді.

2018-2019 оқу жылы Шеңбертал жалпы білім беретін орта мектебінде 08.09.2018 жылы бірінші сынып ата-аналарына психологиялық-педагогикалық көмек көрсетіліп, «**XXI ғасырдағы қазақстандық ата-ана: өз балаңа үлгі бол**» тақырыбында республикалық конференция өтті. Конференция бағдарламасы бойынша алғы сөзді мектеп директоры міндетін уақытша атқарушы Мәдиқызы Айнұр сөз сөйледі. Әрі қарай мектеп психологы Баймұханов Самал бағдарламаны таныстырып, бағдарламаның алты бағытымен таныстырып, оларды түсіндіріп өтті. Сұрақ –жауап арқылы ата-аналармен пікір алмасып отырды. Ата-аналар өз ойларын еркін жеткізе білді. Алдағы уақытта осындай конференциялар көп болсын деп сенім білдірді. 1-класс ата-аналары сұрақтарға нақты жауап беріп отырды, мысалы айтатын болсақ Қаламқас апай өзінің немересінің ортаға тез бейімделетінін, тіл табысқыш екенін айтып өтті және әрқашан да мектеп пен ата-ана арасындағы байланыс нық болатынына сенімін білдірді.Осы аталған конференция мектеп психологы Баймұханов Самалдың жүргізуімен өткізілген республикалық конференция өте жақсы деңгейде сәтті де, қызықты өтті.

Сонымен қатар мектеп тәлімгерінің ұйымдастыруымен Отбасы күніне орай бастауыш сынып арасында сурет көрмесі өткізілді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016жылғы 15 қаңтардағы № 176 Жарлығымен бекітілген Қазақстан республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік және Ұлттық бағдарламасын іске асыру мақсатында 2018 жылдың 8 қыркүйек күні сағат 9.00-де Шеңбертал жалпы білім беретін орта мектебінде «Дені саудың рухы сау» атты ұранымен спорттық іс-шаралар,эстафеталар өткізілді. Спорттық шараға 8-11 сыныптар қатысып, жүгіруден және футбол жарысы ұйымдастырылды. Оқушылар белсене ат салысып, футбол ойынынан өз шеберліктерін көрсетті.

Шеңбертал жалпы білім беретін орта мектебінде «Ұстаздар» мерекесіне орай іс-шаралар ұйымдастырылды. 02.10.-05.10.2018 күндері аралығында апталық ұйымдастырылып, апталықтың өту барысында өзін-өзі басқару күні белгіленіп, 03.10.-04.10.2018 күндері оқушылар ұстаздарға құрмет көрсету барысында сабақ беріп, әр класс оқушылары ұстаздарына мұғалім күніне арналған құттықтау открыткаларын ұсынып, оқушылар ұстаз алғысын алды. 10.10.2018 күні мектеп оқушыларының ұйымдастыруымен «**Жадымда тұрар жаңғырып, Ұстазым менің мәңгілік**»атты мерекелік концерт өткізілді. Мерекелік кешке осы мектепке көп жылдан бері еңбегі сіңген зейнеткер ұстаздар шақырылды.

Аудандық білім бөлімінің Еңбек күні мен Мүгедектер күніне байланысты бекіткен жоспарға сәйкес Шеңбертал жалпы білім беретін орта мектебінде **13.10.2018ж «Еңбегің –**

өшпес ізін» тақырыбында ардагер ұстаздармен кездесу өтті. **12.10.2018ж «Еңбекқор сынып»** кластар арасында байқау болып, «Еңбекқор сынып-2018» атағын екінші сынып жеңіп алды. Байқаудың мақсаты оқушыларды еңбекке тәрбиелеу, алға қойған мақсатқа жете білуге бағыттау. **10.10.2018ж «Жүрегім толы мейірім»** және **«Кемсітуді білмейміз, бәріміз де бірдейміз»** тақырыбында өзін-өзі тану пәні мұғалімі Шалова Арайлым 5-сынып, 6-сынып оқушыларымен пікір талас өткізді. **13.10.2018ж** мектепте «Еңбек түбі-береке» ұранмен сенбілік ұйымдастырылды.

Шеңбертал жалпы білім беретін орта мектебінде қараша айымен желтоқсан айының аралығында жоғарғы сыныптарда «Жасөспірімдердің денсаулық және өмірлік дағдыларын қалыптастыру сунцидтің алдын алу» тақырыбында сауалнамалар, дәріс сабақтар өткізді.

30-қазан күні «Қарияға көмек азаматтық парызы» тақырыбында қарияларға Шеңбертал ЖББОМ оқушылары мен ұйымдастырушы тәлімгердің қатысуымен көмек берілді.

Қараша айында **«Күз ханзадасы мен күз ханшайымы»** сайысы өткізілді. Оған 6-8 сыныптар қатыстырылды. Оқушылар белсене ат салысып, өз шеберліктерін көрсете білді. Оқушылар сыйлықтармен, дипломдармен марапатталды. Желтоқсан айының 1 күні Тұңғыш Президент күніне арналған апталық ұйымдастырылып, **«Еркін елдің ертеңі» кітап көрмесі, «Ұлт мақтанышы танымдылық сағаты» тәрбие сағаттары, «Елбасы және Тәуелсіз Қазақстан» үздік ойлар жарысы, Президент күніне арналған спорттық іс-шаралар жарысы, «Елбасы мерейі» қолөнер және сурет байқауы** атты апталықтар ұйымдастырылды. Бұл шараға 1-11

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, бағытында: 1-мамыр Бірлік күні және 7-мамыр отанқорғаушылар күні және 9-мамыр жеңіс күніне орай мерекелік шеру ұйымдастырылды. Сонымен қатар **«Ұлы жеңіс туы желбіресін»** атты мерекелік шара өтілді.

«Алғашқы әскери дайындық пәнінде патриоттық тәрбие беру және оқыту іс-тәжірибесі» атты баяндама оқылды. Баяндамашы АӘД пәнінің мұғалімі Қ. Сқақов **«Олар мәңгі өшпейді...»** 1-9 сыныптар арасында тәрбие сағаттар өтті. **«Жеңіске мың тағзым»** қабырға газеттері ілінді.



2. Ұлттық тәрбие, отбасылық тәрбие бағытында: **«Мен отбасымды мақтан тұтамын»** шығарма байқауы. **«Толағай»** отбасылық сайысы өткізілді. 15-мамыр Отбасы күніне орай **«Отбасы өмір-шуағы»** атты ата-аналармен дөңгелек үстел 5-6 сыныптардың ата-аналарымен өткізілді. Класс жектекшілер, ата-аналар, оқушылар өз үлестерін қосты.

3. Рухани-адамгершілік тәрбие бағытында: **«Кітапхана-жан дәріханасы»** тақырыптық кеш өткізілді. **«Ынтымақты елдің ырысы мол»** атты кітап көрмесі. Кітап тазалығын тексеру 1-11 сыныптар Кітапханашы З. Сұлтамұратова **Зиянды әдеттерден қалай арылуға болады?** Мектеп психологы С. Баймұханов. **«Жаман әдеттен жирен»** дөңгелек үстел. Өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі. **«Достық түбі – адалдық»** 6-сыныпта Ашық тәрбие сағаты өтті. **«Нұр-Сұлтан қаласына саяхат»** атты тәрбие сағаты өткізілді. Өткізген калсс жетекшісі Тұрмағанбер Нұржайнар

4. Көпмәдени тәрбие және көркем эстетикалық тәрбиесі бағытында; Қызғалдақ қыз балалар ұйымының қатысуымен **«Иманды болу парызын»** атты баяндама оқылды. Баяндамашы Ж.

Миндықұлова Ержігіт ер балалар ұйымының жетекшісі Аян Заманбектің ұйымдастыруымен «Жігіт сұлтаны-2019» байқауы өтті. Байқауды 9-сынып оқушысы Нұрмұханбет Марғұлан жеңіп алды. «Үздік сынып топ басшысы» 1-11 сыныптар аралығында ұйымдастырылды 1-4 сыныптар аралығында 1-орынды 1-сынып топ басшысы оқушысы Хамза Хорлан 5-11 сынып аралығында 1-орынды 11-сынып топ басшысы Амантай Дана жеңіп алды. «Сынып жетекші - 2019» байқауы болып өтті. Мектепшілік 1-орынды аудандық 3-орынды Тұрмағанбет Нұржайнар жеңіп алды.

5. Қоршаған ортаны, өзін-өзі оңтайлы қабылдауы, көшбасшылық қасиеттерін тәрбиелеу бағытында: «Ауылым мақтанышым менің» атты бұрыш жасақталы. «Жол белгілері және жолға салынатын таңбалар» ашық тәрбие сағаттары 5-сынып Жетекшісі Пірімбет Ақтоты «Құстар көктем жаршысы» тәрбие сағаттары 1-4 сыныптар арасында өтті.

6. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағытында: Облыс әкімі тазалық айын ұйымдастыру мақсатында мектебіміздің класс жетекшілерімен оқушылар арасында сенбілік жүргізілді. Еңбек және соғыс ардагерлердің үйлеріне барып, көмек көрсету.

7. Зияткерлік, ақпараттық мәдени тәрбие бағытында: Оқушыларды пән мұғалімдері қосымша пәндік тапсырмалар алып, ҰБТ дайындықты уақытында жүргізіліп жатыр.

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағытында: Мектеп медбикесі Мая Боранқұлова «Жеке бас гигиенасы» атты баяндама оқылды. Дене шынықтыру пән мұғалімдері «Салауатты ұрпақ - тәуелсіздік тірегі» атты Асық атудан спорттық жарыс өткізді. Дене шынықтыру пән мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 9-мамыр Жеңіс күніне және Жастар жылына байланысты шағын футболдан ашық турнир болып өтті.

9. Құқықтық тәрбие бағытында: Оқушыларды кешкі көшеге шығу жағдайларын қарастыру жағында мектебіміздің ер мұғалімдері кешкі кезекшілік қызметіндеттерін атқаруда. Оқушылар құқық қорғау органымен кездесу жүргізіліп, ақыл кеңестер берілді.

2019-2020 оқу жылы бойынша

Мақсатым: Оқушылармен жыл бойы тәрбиелік бағытта жұмыс жүргізе отырып, оқушылардың жеке тұлғалық мүмкіндіктерін ашуға көмектесу, қоғамдық жұмыстарға қызығушылығын арттыру. Отан сүйгіштікке баулу.

Жылдық жоспар бойынша тәрбиенің 8 бағыты бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Жылдық жоспарым оқу жылының басында жасалып, бекітілген.

Тәрбие ісінің орынбасарымен, мектеп тәлімгерімен бірлесіп жүргізетін жұмыстардың жоспары да жеке – жеке жасалып, бекітілген. Жоспар бойынша жүргізілген жұмыстарға тоқтала кетейін.

- 1 - қыркүйек «Білім күні» мерекесін Шеңбертал ауылындағы Шеңбертал жалпы білім беретін орта мектебінің ұстаздар қауымы, ата – аналар, оқушылар айрықша қуанышты көңіл күймен атап өтті. Ырғыз аудандық білім бөлімінің бас есепшісі Тілеубергенова Гүлжанар Әбдіғалиқызы және Ырғыз аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі басшысының міндетін атқарушы Айтқұлов Қайрат Қуанышұлы арнайы келіп, жиналғандарды білім күні, жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. «Білім күні» мерекесіне мектептің ардагер ұстаздары да шақырылып, құрметті қонағы болды. Шеңбертал ауылының тұрғыны, мектебіміздің ардагер ұстазы Ызашов Аманғос Ызашұлы да өз тілегін білдірді. Мектебіміздің директоры Сәрсенбаев Талғат Жақсыхалықұлы сөз алып, оқушыларды, ұстаздарды білім күнімен құттықтады. Жиын соңында 4 сыныптың үздік оқушысы Мамай Жақсыбек пен 1 сыныпқа қабылданған жас бүлдіршініміз Панабек Зарина Панабекқызы алғашқы қоңырауды сыңғырлата соғып, оқушыларға мектеп есігін ашты. Барлық сынып сағына күткен парталарына отырды. Мемлекеттік туымыз салтанатты түрде кіргізіліп, шығарылды.



2. «Бақытың да, байлығың да денсаулық» атты іс – шара өтті. Спорттық іс – шараға 3-5 сынып оқушылары арасында жарыстар өткізілді.




Спорттық іс – шаралардан көріністер

